

Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жобасы, қалдықтарды бақылау, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары және іс-шаралар жоспары) бойынша ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдау

ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: Арыс қаласы «Әкімінің аппараты» ММ.
2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жобасы, қалдықтарды бақылау, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары және іс-шаралар жоспары).
3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі, "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-і.
4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Түркістан облысы, Арыс қ. Арыс-III кен орны, географиялық координаттары: 42°21'36", 68°50'22".
5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Түркістан облысы, Арыс қаласы.
6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: "Алтын құм" ЖШС-і, мекен-жай: Шымкент қ., Абай ауданы, Қызылжар ш.а., 1177/1. БСН 910640000239, тел.: +77025055855, erimbetov_a@mail.ru.
7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық

сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: ЖК Сыдыкова Нуржамал, мекен-жайы: ҚР, Шымкент қ., Қ.Төлеметов, көш. 69/37-35, тел: 87014438900, e-mail: nurzhamal-sydyko@mail.ru.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күндер және уақыт): 11.09.2025 жылы сағат 15:00 де, Арыс қ., Д.Қонаев 9А (кәсіпкерлік ғимаратында.).

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі қоғамдық тыңдау хаттамасына 1-қосымша. Жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі **2-қосымша.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі - Тіркеу парағы қоғамдық тыңдау хаттамасына 3-қосымша.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Жоба бойынша құжаттамалар Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> орналастырылған.

2) Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурстарында «Қоғамдық тыңдаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> орналастырылған.

Бұқаралық ақпарат құралдары 4-қосымша:

3) 02.08.2025 ж. №31 (6493) «Арыс ақиқаты» Республикалық ақпараттық-сарапталық газетінде хабарландырулар орналастырылды.

4) №231 30.07.2025 ж. «Арыс толқындары» ЖШС ART TV телеарнасына хабарландыру орналастырылды.

5) Арыс қ. Эль-Фараби көшесі 3 (әкім.ғим.) мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру ілінген. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: Хатшы ретінде бір ауыздан кәсіпкерлік бөлімінің маманы Райбеков Ақылбек, сайланды: "қолдаймын"- 17, "қарсымын"- 0, "қалыс қаламын"- 0.

Қоғамдық тыңдаудың регламенті қатысушылармен бірге бір ауыздан бекітілді: "қолдаймын"- 17, "қарсымын"- 0, "қалыс қаламын"- 0.

Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдарымен танысу- ұсынылған ереже 10 минут. Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қойып, жоба бойынша өз пікірлерін айта алады - ұсынылған ереже 15 минут. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу - ұсынылған ереже 5 минут.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: Сыдыкова Н.А.- жобалаушы. Баяндаманың тақырыбы: Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жобасы, қалдықтарды бақылау, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары және іс-шаралар жоспары). Баяндаманың мәтіні 3-парақта 5-қосымшада.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Ауыл тұрғындарының ұсыныстары: 1)Көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, 2)Балалар ойнайтын алаңшасын жасап беру, 3) Баламалы жол салу, 4) Салық төлемдерін жергілікті салыққа төлеу. "Алтын құм" ЖШС-і жобалық материалдары бір ауыздан қолдады.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17.Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Арыс қаласы әкімінің орынбасары:

Қуандық Е.О.

11.09.2025 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: Арыс қаласының кәсіпкерлік бөлімі маманы:

Райбеков А.С.

11.09.2025 ж.

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен
ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

Т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<p><i>Тастанов Б., Талдықұдық ауыл тұрғыны:</i></p> <p>1. Тереңдігі қанаш метр дедің?</p> <p>2. Қазылып жатқан тереңдік жоспардан асып кеткен, 40 метр бар, кез- келген карьерге апарайық тереңдігі 40 м бар, ауылда 17 карьер бар, барлығының тереңдігін өлше, бетіндегі топырағының өзі 5 м болады, тереңдігі 40-45 метрге жай барады.</p> <p>3. Алтын құм бойынша 25 ж берілген екен, енді кен орын жабылса болды.</p> <p>4. Мен кен орынға жақын тұрамын, жел тұрса құм түсіп жатыр, ағаш егіндер дедік екпеген, жан-жағын қоршау керек.</p>	<p><i>ЖК Сыдыкова Н.А., жобалаушы эколог:</i></p> <p>1. Тереңдігі 15,2 метр жоспар бойынша, 15,2 м дейін қазылады.</p> <p><i>Қуандық Е.О., қала әкімінің орынбасары:</i></p> <p>2. Күн тәртібінде Алтын құм ЖШС кен орны бойынша сұрақ қойыңыз.</p> <p><i>ЖК Сыдыкова Н.А., жобалаушы эколог:</i></p> <p>3. Жер қойнауын пай- далану құқығы лицензия негізінде 20.02.1999 жылғы № 132 25 жыл мерзімге берілген, 10 жыл игерілді, алдағы уақытта 10 жылға рұқсат алайын деп отыр.</p> <p>4.Көгалдандыру жоспарға қойылған.</p>	<p align="center">Алынды</p>

2	<p><i>Тулебеков М., Монтайтас а/о маслихат депутаты:</i></p> <p>Алтын құм ЖШС бұрыннан білеміз, лицензия алып қойған, арнайы контор соғып, арнайы машина қоятын етіп қойған, машиналары стандартқа сай, 8 сағаттық жұмыс жүйесімен жұмыс жасасын Бізге төленіп жатқан салық көлемі қанша?</p>	<p><i>ЖК Сыдыкова Н.А., жобалаушы эколог:</i></p> <p>Жаңа баяндамада айтып өттім ғой, жерді пай-даланғаны үшін төлем-ақы - 17 000 теңге, қосылған құн салығы- 13333,8 мың теңге, әлеуметтік салық - 2227,2 мың теңге, пайдалы қазбаларды өндіру салығы 2780,6 мың теңге, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы 124 253 теңге.</p>	Алынды
3	<p><i>Қуандық Е.О., қала әкімінің орынбасары:</i></p> <p>Сіз жаңа кен орын мен тұрғын үйлердің арақашықтығын 100 м дедіңіз ғой, ол экологиялық кодексе байланысты ма?</p> <p>2. Қазіргі талаптар бойынша 1 км емес пе?</p> <p>3. Кен орындар бойынша бізге тұрғындар тарапынан көп арыз-шағымдар келіп жатыр, көгалдандыруды, жергілікті салық төлемдері және бір ауысымды 8 сағаттық жұмыс жүйесі мәселесін көтеріп жатыр, егерде осы талаптар орындалса тұрғындарда кәсіпкердің жұмысына қарсы емеспіз дейді.</p>	<p><i>ЖК Сыдыкова Н.А., жобалаушы эколог:</i></p> <p>Санитарлық талаптарға сәйкес санитарлық қорғау аймағы 100 м (4-бөлім. Құрылыс өнер-кәсібі, 5) карьерлер, қиыршық тас, құм, саз өндіру кәсіпорындары)</p> <p>2. Жер қойнауын пайдалану туралы кодексінде 1 км арақашықта белгіленген, жер қойнауы мәселелері бойынша тапсырысшының өзі жауап береді.</p>	Алынды

4	<p><i>Тастанов Б., Талдықұдық ауыл тұрғыны:</i></p> <p>Кен орын маңына ағаштар егілсін, санитарлық талаптарға сай жұмыс жасамайды?</p>	<p><i>Еримбетов Б., Алтын құм ЖШС директоры:</i></p> <p>Республикалық маңызы бар нысан-дардың құрылысына қатысқанбыз, Талдықұдықта тұрған зауытымыздың өзі стандарттарға сай, қазу тереңдігі бойынша 15 метрден артық қаза алмаймыз, одан жоғары қазылса жер асты суы шығып кетеді, жұмыс жасау уақыты бойынша соңғы 2-3 айда ғана 2 ауысымда болған шығар, бірақ біз 8 сағаттық жұмыс жасаймыз, жолдар асфальттанған, жүк көліктерін өлшейтін таразы бар, сыртында датчигі көрсетіп тұрады, мүмкіндігінше жергілікті халыққа көмектесіп тұрамыз.</p> <p>Салық бойынша сұраққа – мекемені жергілікті салық органына тіркетіп жатырмыз, тіркеу жұмыстары аяқталып жатыр.</p> <p>Күндіз-түні жұмыс істемейміз, өндірілген құм тек қана өзіміздің құрылыс нысандарға жіберіледі, сыртқа ешқандай тасымалдау жоқ, басқа карьерлер сияқты 1000 м³ шығармаймыз, 200-250 м³-тан артық шығармаймыз.</p>	Алынды
---	--	---	--------

		<p>Біз келгелі, игерілген кен орынның 25 га аумағын толығымен рекультивация жасадық, ол өте ауқымды жұмыс. Көгалдандыру жұмыстарына келсек, осыған дейінгі егілген жасыл желектер өспей қалды, ол өтірік емес оны мойындаймыз, енді оны қоршап қайта қолға аламыз, ал кен орын аумағына келсек 100 шақты ағаштар бар. Көктемде көгалдандыру жұмыстарын қолға аламыз.</p>	
5	<p><i>Тулбеков М., Монтайтас а/о маслихат депутаты:</i> Жер ана ғой бұл, пайдалы қазбаны алғаннан кейін орнын тегістеп өту керек қой, тегістеп жатырсыздар ма?</p>	<p><i>Еримбетов Б., Алтын құм ЖШС директоры:</i> Иә, игеру жұмыстарының бұрыштар деңгейі 20 градустан аспауы керек, сол шамамен егістіктер тегістеліп жатыр, біз 2 шұңқыр алып қалдық, өйткені олар бассейнге шығатын шұңқырлар соған байланысты алып қалдық, қалғандарын бар-лығын тегістеп келе жатырмыз.</p>	Алынды
6	<p><i>Қуандық Е.О., қала әкімінің орынбасары:</i> Штат мәселесі қанша сіздерде? Жұмысшыларға төленетін салықты жергілікті бюджетке төлеуді ескерсеңіздер.</p>	<p><i>Еримбетов Б., Алтын құм ЖШС директоры:</i> Штатта 19 жұмысшы бар, көпшілік бөлігі жергілікті тұрғындар.</p>	Алынды

7	<p><i>Талдықұдық ауыл тұрғыны:</i></p> <p>Ауылда балар ойын алаңшасына орын қарас- тырылған, сол ойын алаңшасына ойын құрал- дарын қойып берсе.</p>	<p><i>Еримбетов Б., Алтын құм ЖШС директоры:</i></p> <p>Ойын алаңшасын жасап береміз, қыс мезгіліне дейін жасап береміз.</p>	Алынды
---	---	--	--------

1-қосымша
жоспарланған бастамашыдан сұрау
хатының көшірмесі

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25522951001, Дата: 29/07/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Туркестанская область, Арысь Г.А., г.Арысь

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, г.Арысь

Предмет общественных слушаний: Материалы для получения экологического разрешения плана горных работ на добычу строительного песка месторождения Арысь-III в Арысьском районе Туркестанской области

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Арысь Г.А., г.Арысь, ул.Ал-Фараби, 3 (здание акимата), 05/09/2025 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (7 юд).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Арысь акиматы; Арысь телеканалы

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Туркестанская область, Арысь Г.А., г.Арысь, ул.Ал-Фараби, 3

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доки объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подается приобщенно (публикации) к протоколу общественных слушаний.

«В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
"Алтын құм" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БҰҒН: 910640000239), +7(703)-505-58-55, email: info@altinkum.tlbeecology.gov.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Садькова Н.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний)

2-қосымша
ЖАО жауап хатының көшірмесі

Приложение 3
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25522951001, Дата: 29/07/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25522951001, от 29/07/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:
«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Материалы для получения экологического разрешения плана горных работ на добычу строительного песка месторождения Арыс-III в Арыском районе Туркестанской области, в предлагаемую Вами 05.09/2025 11.00, Туркестанская область, Арыс, Г.А., г. Арыс, ул. Ал-Фараби, 3 (здание здания) (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к критериям несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предлагаем Вам способы распространения объявлений о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (изменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2»
***"Алтын кум" жауаптарынагі шексізді серіктестігі (БИН 91064000239), +(7(702)-505-58-55, eimbetov_a@mail.ru, pfbecology.gov.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях ИП Сыздыкова Н.

(Фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

3-қосымша

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы
11 қыркүйек 2025 жыл

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Аманжолов А.	Аманжолов А.	870574830333	жеке	Аманжолов А.
2	Аманжолов А.	Аманжолов А.	874717873501	жеке	Аманжолов А.
3	Сейтжанов А. Н.	Арыс тұрғыны	87023087500	жеке	Сейтжанов А. Н.
4	Аманжолов	Арыс тұрғыны	87416067011	жеке	Аманжолов
5	Аманжолов К.	Аманжолов мұрағат	87783459797	жеке	Аманжолов К.
6	Аманжолов С.	Аманжолов мұрағат	87778731477	жеке	Аманжолов С.
7	Аманжолов М. И.	Аманжолов мұрағат	87738773258	жеке	Аманжолов М. И.
8	Аманжолов К. Т.	Аманжолов мұрағат	87785555-11-11	жеке	Аманжолов К. Т.
9	Аманжолов Р. Б.	Аманжолов мұрағат	877862555556	жеке	Аманжолов Р. Б.
10	Аманжолов Аманжолов	Аманжолов мұрағат	87057129402	жеке	Аманжолов Аманжолов
11	Аманжолов Р.	Аманжолов мұрағат	-	жеке	Аманжолов Р.
12	Аманжолов Аманжолов	Аманжолов мұрағат	7053662626	жеке	Аманжолов Аманжолов
13	Аманжолов Аманжолов	Аманжолов мұрағат	-	жеке	Аманжолов Аманжолов
14	Аманжолов А.	Аманжолов мұрағат	87715370980	жеке	Аманжолов А.
15	Аманжолов Н. А.	Аманжолов мұрағат	8704438900	жеке	Аманжолов Н. А.
16	Аманжолов Б. К.	Аманжолов мұрағат		жеке	Аманжолов Б. К.
17	Аманжолов Аманжолов	Аманжолов мұрағат		конференц-байланыс	Аманжолов Аманжолов
18	Аманжолов Аманжолов	Аманжолов мұрағат		сирға	Аманжолов Аманжолов

Қоғамдық тыңдаулар туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесідей таратылы:

Мерекелік құттықтау
Құрметті арыстарымыз!
Қайырлы таң! Мерекелік құтты болсын!

Арыстар үшін ша-
де мен тамыз айының то-
ғысын алғашқы аптасын-
да Қаза күні мен темір-
жолшылардың төл мере-
кесі қатар тойлануы үр-
діске айналған құныш.
Арыс – ежелден аңыз-
жырларға толы, абырлар
мен құдық көмің өнер сү-
лейлерінің, жастығын ер-
лікпен шындаған ахтын
жаулапшы қас батырлар
мен еңбек ерлері отқан
иелі жер. Ежелден Орта
Азия қаласы, тоғыз жол-
дың торабына айналған,
айгірі Сыр мен Арыс өзе-
нін төл емін, Шәмші әні-
мен әлемге аты жайылған
арнайы қаланың еңбек-
сүйіпін халқы осы күнігі
аңыз күтсін. Құттың құс
қанығыдай еңбегіңмен көе
мерекесі – қалықты бірік-
се, беренге ұйытқым. Ұн-
тымағы ұйын, сыйласты-
ғы жарасқан арыстықтар
қай кезде де ұлтымызға
тай бауырмалдық пен
адамгершіліктің, асыл қа-
сиеттер мен шынайы мей-
ірбандықтың асқан өне-
гесін көрсетіп келсін.

1956 жылғы 31 шілде-
де Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының
Жарлығымен Арыс қала
мәртебесін алды. Соған
бері өндірсі өркендеген
Арыс қаласы Орта Азия
қаласына айтылып, то-
ғыз жолдың торабындағы
еді экономикасының дамы-
туына ең маңызды орта-
лықтарының бірі болып
келеді. Темір жол қай кез-
де де экономиканың күре-
тамыры. Осыны жақсы тү-
сінген Арыс қаласының
халқы заман талабын сай
еңбек етіп, өз міндеттерін
бик дегенбей орындауда.

Қайырлы арыстарымыз!

Сіздер Президентіміз-
дің Жолдауын қолдап, қал-
аның алды әл-ауқатының
жақсаруына, тағулық пен
достықтың, имандылық пен
парасаттылықтың, өнер мен
мәдениеттің және өз
экономикасының дамуына өз
үлесіңізді қосып келесіздер.

Арыс станциясы – Қа-
зақстан темір жолының
ең маңызды стратегиялық
объектілерінің бірі.
Осы жерден жолаушылар
және өмірге, жаңа ісгерге
және жаңа өнерістерге
жол тартады. Бүгінде Ұкі-
мет өз тарапынан отан-
дық темір жол саласын
дамытуға және оның ти-
імді жұмыс істеу мәселе-
сіне ерекше назар ауда-
рып отыр.

Құрметті қала
туғандарымыз!

Сіздерге әр отан таң-
дырыңды құпиян сый-
лап, атқарған объекті-
нің адал наны бұйыр-
сын. Осы мерекелі күнде
Сіздерге мықты денсау-
лық, толайым табыс, от-
басылық амандық және
нәсібіңіз жасіңіздер ті-
лейсіз!

ҚАМҚАРАЕВ,
қала әкімі,
ҚАХМЕТОВ,
мәслихат төрағасы.

Қос мереке - киелі Арыс туғандары

Yrys aldy - yntymaq



Gazet
1935
jyldan
shygady

Respublikalyq apparattyq-saraptamalyq, мәдени-tanymdyq gazet №31 (6493) 2 тамыз 2025 j.

Қала және теміржолшылар күні құтты болсын! ЖЕРҰЙЫҚ, ҚҰТ МЕКЕН, ҚҰТ ҚОНЫС

Қала күні мерекесіне – тарту ЖИДЕЛІДЕ КӨЛ-КӨСІР ҚУАНЫШ ШАЛҒАЙ АУЫЛҒА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛІП, ТҮРҒЫНДАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ



Қала күні мерекесінде қаламызға қарасты ең ішпәйі орналасқан ауылдарының бірі – Жи-
деліде көптен күткен қуанышты оқиға орын-
алды. Ауыл тұрғындарының тұрмысын мей-
лінше жеңілдететін табиғи газ жұлесі іске ко-
сылды. Шараға қала әкімі Қайыр Мақариев,
қалалық мәслихат төрағасы Қайыр Ахметов,
мердігер мекеме өкілдері мен өзіл мамана-
ры, сондай-ақ ауыл тұрғындары қатысты.
Шабар баспасы ауыл халқына түгі тілегін
жеткізіп, бұл бастаманың ауылдың әлеумет-
тік-экономикалық дамуына тын серпін бер-
етінін атап өтті. Ауыл ақсақалдары мен тұр-
ғындары да бұл нәтижесі істің жалғасын таба-
рына сөйіп білдіріп, ауылға жасалып жатқан
қамқорлыққа ырысқанығын білдірі. Жоба
ақсанда ауылдың 311 абоненті, яғни, 2,5 мың-
нан астам тұрғын көгілдір отынға қосылу
мүмкінділігін не болды. Бұл, әсіресе, қас мей-
лінше отын тасу мәселесі қиындық туында-
тып Жиделі тұрғындары үшін үлкен жеңілік.
Айта кетейік, бұған дейін Байұрқым мен Көк-
жиде елді мекендері көгілдір отынға қосы-
лған болатын. Бірағы кезекте Ақшыл ауылы
тұрғындары бойынша қаржыды жұмыстар
жүргізілуде.

ҚАЛА МЕН АУЫЛДАРДА 17 жаңа балалар ойын алаңшасы салынып, 3 футбол алаңшасы жаңартылуда

Тұрғындармен отқан кезде-
сүлерде жол көтерілетін мәсе-
лесерің бірі – балалар ойын
алаңшаларын салу қажеттілі-
гі. Осыған байланысты шабар
баспасы Қайыр Мәңгірлен-
тің тапсырмасын ойнаса, біл-
млі қаламызды 17 жаңа балалар
ойын алаңшасын орнату жұ-
мыстары қолға алды.



Аталған мақсаттардың 10-
ма қала аумағында орналасса,
қалған 7 ойын алаңшасы ауыл-
дық елді мекендерде бой көте-
руде. Бірліктің алаңшалар қам-
ауың талаттарға өйі, балалар-
дың қуанышың мән баспа-
дың қуанышың мән баспа-
дамуына лайықталған.
Сонымен қатар, биылғы
жылы қаладағы Сүлейменов

Ақпарат Губратты шаара

Атың сумен жарыса аққан уақыт әр кезде
өз естелігімен ерекшеленеді. Адам қирғайса
да – қонды қирғаймайды, қалам барла – ой
тоқтамайды. Қалалық Ардагерлер орталы-
ғында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180
жылдығына орай Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, Арыс қаласының «Құр-
метті іземеті», бірнеше жылдардың авто-
ры Ермек Жанбай Елсейітұлының «Татты
атты жаңа жинағының түскүсері кеші өтті.
Шараға Абай атындағы орталықтаңдырыла-
ған кітәпхана ұжымы «Қалыңы елдің қа-
риясы» және «Ұлт руханиятының асқар би-
гі» тақырыбында кітәп көрмесін арнайы үй-
ымдастырды.

ҚАЛАМҒЕР ҚАРИЯНЫҢ жаңа кітабының тұсауы кесілді



Көрмеге сексеннің ортасына табан тіреген қарт қалам-
гер Жанбай Елсейітұлының шығармашылығына арнал-
ған «Әзі сәйіпін пайтабар перзенті», «Алтыбай ақын ту-
ралы», «Арыстарың ағалары», «Ұлы жолыңа құрмет», т.б.
кітәптары және республикалық «Қазақ энциклопедиясы», «Еге-
мен Қазақстан», облыстық «Өңтүстік Қазақстан», жергі-
лікті «Арыс ақиқаты», «Шабар шаһары» газеттерінде
түрлі тақырыпта жарияланған мақалалары қойылды.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұлы
ақынның ұлы мұрасын насихаттайтын көптеген кітәптар,
шығармалар, аудармаларымен қатар белгілі абайтанушы
Мекемәс Мырзахметұлының «Абайтану» сериясымен
шыққан кітәптары, М.Әуезовтің «Ділім», «Абай – Пұш-
кәл», Зайн Ахмедовтің «Абай и Дербенгев», «Абай»-
өндері мен аудармалары томдық жинақ, М.Әуезовтің 4
томдық «Абай жолы» қойылған.

Кешті Ардагерлер кенесінің төрағасы Әббасар Жүніс
ашып, ағы шаһарың мән-мағынасына тоқтады, аққарма
тілегін айтып, қаламгерге құрмет көрсетті. Шараға қала-
лық Қоғамдық кеңес төрағасы Төнірберген Әсілі, «Өздер
мектебінің» төрағасы Нысанқұл Қалиев, қалалық мәсе-
ліхат депутаттары Махдибет Төлебеков, Сейітхан Кенжа-
беков, ішкі саясат бөлімінің маманы Нұржан Құттыбаев
және ардагер аталар мен қиыншекті өкелер Іван көш не-
сінің жанындары қатысты. Аққарлар құрметіне өкел,
қамалды ардагерлер мен бауырлары ақ тілегін айтып, қи-
ыншекті өкелер кезектесіп ағын ышау шаһты.

Т.ӘБДИКОВ.

30.07.2025г.

Хабарландыру!

Арыс к. Эль-Фараби көшесі 3(экім ғим) 05.09.2025 ж. сәт. 11:00-де Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құрын өндіру бойынша тау-кен кәсіпшілігінің жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдарына (КОҚ, ҚОЭН, ҚББ, ӨЗББ, КОҚ іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастаманы: "Алтын кум" ЖШС-і, мекен-жай: Шымкент қ., Абай ауданы, Қызылжар ша.а. 1177/1, БСН 910640000239, тел.: +77025055855, erimbetov_a@mail.ru.

Өзіндік: ЖК Сыдықова Н., мекен-жай: Шымкент қ., Қ.Толеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.epov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/?lang=ru> қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz қабылдады. Онлайн қосымша сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1sZDZibXJnTkNRUT09>.

Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.
Кен орнының және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42°21'36", 68°50'22".

Мудделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және ағымдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не ишпа мекен-жай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жана қала ша.а. 32 көшесі, 20, а erkeba1@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Объявление!

05.09.2025 г., в 11:00 ч. по адресу: г.Арыс, ул.Ал-Фараби, 3(эд.аюмата)проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения плана горных работ на добычу строительного пескаместорождения Арыс-III в Арыском районе Туркестанской области(РООС, НДВ, ПУО,ПЭЖ, ПШМ).


Инициатор – ТОО "Алтын кум", адрес: РК, г.Шымкент, Абайский район, мкр.Кызылжар, 1177/1, БИН 910640000239, тел.: +77025055855, erimbetov_a@mail.ru.

Разработчик: ИП Сыдықова Н., адрес: г.Шымкент, ул.К.Толеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.epov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/?lang=ru>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и по адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru, а также замечания и предложения направляются на Информационной системе ndbecology.gov.kz. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1sZDZibXJnTkNRUT09>.

Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа 123456.

Географические координаты участка и территории воздействия: 42°21'36", 68°50'22".

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, относящимся на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующему адресу: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, а erkeba1@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.



Баяндамашы – Сыдықова Нұржамал, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеушісі. Сәлеметсіздерме, құрметті қатысушылар! Мен, Сыдықова Нұржамал "Алтын құм" ЖШС-не қарасты Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алуға арналған материалдарын (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жобасы, қалдықтарды бақылау, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары және іс-шаралар жоспары) әзірлеуші боламын.

Жалпы ақпарат. «Алтын Құм» ЖШС 2000 жылдан бастап, 4.12.2000 жылғы № 28 келісім-шарт және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25 жыл мерзімге берген 20.02.1999 жылғы № 132 сериялы ЮКТУ жер қойнауын пайдалану құқығы лицензия негізінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылады. 04.12.2000 ж. №28 өндіріс жүргізуге келісім-шарт мерзімінің аяқталуына байланысты, келісім-шарт мерзімі 10 жылға ұзартылды.

Түркістан облысы Арыс ауданындағы Арыс-III кен орнынан құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптама комиссиясының 30.05.2025 жылғы № 3 хаттамасы негізінде әзірленді.

Кен орынның орналасқан жері: Арыс-III құрылыс құмы кен орны Арыс қаласынан оңтүстікке қарай 4 км жерде орналасқан. Кен орнының аумағы солтүстік-шығыс жағынан тас жолмен, ал қалған жағынан құм өндіретін кен орындарымен шектеседі. Ең жақын тұрғын үйлер (Талдықудық ауылы) кен орнынан солтүстік-шығысқа қарай 300 метрден астам қашықтықта орналасқан. Кен орны шекарасынан солтүстікке қарай 6 км-ден астам қашықтықта Арыс өзені ағып жатыр.

Кен орын аумағы - 45 га. Арыс-3 кен орнында барлау жұмыстары 1961-1963 жж. жүргізілген және 01.01.1998ж. А+В+С1 категориялары бойынша бекітілген қор көлемі 91 995,4 тыс.м³ құрады. 2015 жылы Тау-кен учаскесінің контуры шегінде қорларды қайта есептеу жүргізілді, 01.01.2015 жылға – 4 773 мың м³ жылдық өнімділігі 50-100 мың м³. Кен орын 18 м тереңдікте барланған. Пайдалы қабаттардың ішінде бос жыныстардың қабаттары жоқ. Кен орнын су басқан жоқ. Аршыма жыныстардың қалыңдығы 5,2 м-ден 6,9 м-ге дейін, орташасы – 6,0 м, оның ішінде топырақ пен өсімдік қабаты 0,8-1,1 м, орташа – 0,9 м. Карьердің орташа ұзындығы 1213 м, орташа ені 557 м, орташа тереңдігі 15,2 м.

ҚР ЭК 2 қосымшасы, 2 бөлімі, 7 тармақ, 7.11 тармақша- жылына 10 мың тоннадан жоғары кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу - қоршаған ортаға теріс әсер ететін II санаттағы объектілерге жатады.

Түркістан облысы экология департаментінен 18.08.2025 ж. KZ19VWF00406828 қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын айқындау туралы және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсер ету скринингін айқындау туралы қорытындықорытынды алынды.

Өндіру мөлшері: Аршыма жыныстар үйіндісін орналастыру үшін қажетті аумақ 1,5 га, құнарлы топырақ қабатының үйіндісі-0,25 га құрайды. 2025-2034 жылдары құм-қиыршықтас қоспасын өндіру көлемі – әрқайсысы 100 мың м³, аршыма жыныстары 2025-2034 жж. 56,3 мың м³ құрайды.

Жұмыс уақыты: жылына 250 күн, бір ауысымда, ауысым ұзақтығы – 8 сағат. Карьердің қызмет ету мерзімі 10 жыл.

Негізгі тау-кен көлік жабдықтары:

Кен орнын игеру биіктігі 6,0 м-ге дейінгі 3 жиекте жоспарланған. Кен орын жару жұмыстарынсыз экскаватормен ашық әдіспен өндірілетін болады. ВЭКС-30L экскаваторы; бульдозер Т-130; самосвал КАМАЗ-5511, тұрмыстық қажеттіліктерге арналған қосалқы көлік.

Атмосфералық ауаға әсері, орын алатын негізгі ластаушы көздер: Кен орында 11 ластаушы көзі анықталды (1-і ұйымдасқан, 10 ұйымдастырылмаған, оның ішінде 1 жылжымалы көзі): дизельдік генератор жұмысы, аршыма жыныстарды және құнарлы топырақ қабатын аршу, арту, тасымалдау, сақтау жұмыстары, құмды өндіру, арту, тасымалдау, жуу жұмыстары және суару машинасының жұмысы. 9 ластаушы заттың түрі

бөлінеді: құрамында кремний диоксиді бар бейорганикалық шаң: 70-20, азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі (күйе), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, проп-2-ен-1-аль, формальдегид, алкандар C12-19. Атмосфералық ауаның ластануының таралу ауқымы бойынша шығарындылар ластанудың салыстырмалы түрде жергілікті түріне жатады, ол тек кен орын аймағында ғана ластаушы заттардың шоғырлануымен сипатталады. Әсер етудің уақыттық шкаласы бойынша ол ұзақ мерзімді әсер етуді білдіреді. Табиғи ортадағы өзгерістер табиғи өзгергіштіктің бар шегінен шықпайтындықтан әсердің қарқындылығы айтарлықтай емес. Маңыздылығы төмен әсер. Өндіріс нысанының тұрғын үйлерден 300 м арақашықта орналасуын ескере отырып, тұрғын үйлерге немесе олардың денсаулығына кері әсерін тигізбейді.

Кен орын жұмыстарының су қабатына әсері: Кен орында ауыз су көзі- тасымал су, ал техникалық сумен қамтамасыз ету көзі – су құбыры (ұңғыма) болып табылады. Сарқынды сулар арнайы бетондалған шұңқырға төгіліп, толу мерзіміне қарай келісім-шарт арқылы арнайы тазарту қондырғыларына жіберіледі.

Кен орын су қорғай белдеуі мен аумағына кірмейді. Жер асты суларының деңгейі 20-25 м-ден төмен тереңдікте жатыр. Кен орын жұмыстары жер үсті және жер асты су объектілеріне тікелей сарқынды су ағызбайды, сондықтан жер үсті және жер асты суларына тікелей әсер етпейді.

Тұрмыстық және өндірістік қалдықтар: Өндірістік жұмыстарды жүргізу кезінде өндірістік қалдықтардың 3 түрі түзіледі, олар өнеркәсіп алаңының аумағында арнайы жабдықталған орындарда 6 айдан аспайтын мерзімге жиналып, кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға беріледі.

- Аралас коммуналдық қалдықтар, 200301 кодымен қауіпті емес қалдықтарға жатады- **0,6 тонна;**
- Қауіпті заттармен ластанған майлы шүберектер, 15 02 02* кодымен қауіпті қалдықтар болып табылады-**0,0381 тонна;**
- Металл емес пайдалы қазбаларды игеру қалдықтары, 01 01 02 коды бар қауіпті емес қалдықтар- 2025-2034 жж. –**90080 тонна.**

Тұрмыстық қатты қалдықтар арнайы алаңшада жинақталып, мамандандырылған ұйыммен келісім-шарт бойынша жақын жердегі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына тасымалданады. Сұртуге арналған майланған шүберектерді жою мамандандырылған ұйыммен келісім-шарт бойынша іске асырылады. Металл емес пайдалы қазбаларды игеру қалдықтарын кен орынның қазылған бөлігін техникалық рекультивациялауға пайдалану көзделген.

Өсімдік және жануарлар әлеміне әсері: Облыстың өсімдік жамылғысы сирек, шөлейт аймақтарға тән. Кейбір жерлерде бұталы өсімдіктер, сирек шөп жамылғысы бар, олар жаздың ыстық мезгілінде күйіп кетеді. Жоспарланған жұмыстардың әсер ету радиусында ерекше қорғауға жататын, Қызыл кітапқа енген, құрып кету қаупі төнген өсімдіктердің түрлері, сондай-ақ тағамдық және дәрілік өсімдіктердің түрлері кездеспейді.

Жоба шеңберінде топырақ пен өсімдік жамылғысына әсер етудің жергілікті екені анықталды, яғни кен орын аумағымен шектеледі. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру (рекультивация) шаралары сақталған жағдайда шамалы әсерге жол беріледі.

Жануарлар әлемінің өкілдеріне көптеген бауырымен жорғалаушылар, кеміргіштер, қояндар жатады. Бұл аумақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген сирек кездесетін жойылып кету қаупі төнген жануарлардың мекендеу ортасы және қоныс аудару жолдары болып табылмайды.

Кен орнын игеру осы тау-кен жоспарында көрсетілген барлық шараларды қатаң сақтай отырып орындалса, өсімдіктер мен жануарлардың мекендеу ортасының, сондай-ақ жануарлардың миграциялық бағыттарының айтарлықтай бұзылуына алып келмейді.

Жобаның артықшылықтары:

- Арыс қаласының инфрақұрылымының өсуі;
- Жұмыс орындарының пайда болуы, жұмысшыларды ең жақын орналасқан елді мекеннен жұмылдыру қарастырылған;
- Аймақтағы елді мекендерді арзан материалдармен қамтамасыз етуі;

- Салық есебінен жергілікті бюджеттің көбеюі. Мекеме тарапынан салық төлемдері уақытылы төленеді. 2023 жылы "Алтын құм" ЖШС-і 20035,5 мың теңге салық төлеген. Оның ішінде **жерді пайдаланғаны үшін төлемақы** - 17 000 теңге, **қосылған құн салығы**- 13333,8 мың теңге, **әлеуметтік салық** - 2227,2 мың теңге, **пайдалы қазбаларды өндіру салығы** 2780,6 мың теңге, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы **124 253** теңге.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары:

- Кен өндіру кезінде аумақты ылғандандыру арқылы шаң-тозаңды басу;
- Атмосфералық ауаның сапасын бақылау (санитарлық қорғау аймағы және карьер);
- Тұтыну қалдықтарын үшінші тұлғаларға беру; Қалдықтарды басқару бағдарламасын қарастыру.
- Сарқынды суларды белгіленген орындарға шығару (бетондалған шұңқыр);
- Кен орын және әсер ету аймағын көгалдандыру;
- Кен орын толығымен игерілгеннен соң қайта қалпына келтіру.

Тарату жоспары. Карьерді игеру 2034 жылы аяқталады, оны жою/тарату 2035 жылы басталады. «Тарату жоспарына» сәйкес келесі жұмыс түрлері екі кезеңде жүзеге асырылады:

- біріншісі – техникалық рекультивация карьердің бүйірлерін тегістеуді және карьердің түбі мен бүйірлерін тегістеуді қамтиды;
- екіншісі – шөптесін дақылдарды (көпжылдық бидай шөптері) егіп, минералды тыңайтқыштар енгізу арқылы бұзылған жерлердің құнарлылығын қалпына келтіруді қамтитын биологиялық рекультивациядан тұрады.

Көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет!